

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ, БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ, АРНАЙЫ ЖӘНЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПРОБЛЕМЫ ДОШКОЛЬНОГО И НАЧАЛЬНОГО, СПЕЦИАЛЬНОГО И ДОПОЛНИТЕЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

ӘОЖ 378.046.4

МРНТИ 14.23.17

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5496.22>

Бельгибаева Г.К.,^{1} Жұмкенова Ә.Д.¹*

¹ *Е.А. Букетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қ.*

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТІРШЛІК ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

Мақалада мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастырудағы педагогикалық модель (үлгі) туралы айтылады. Осы педагогикалық модельдеудің негізінде үлкен әлеуметтік сұрақтың жауабы жатыр. Ұсынылып отырған педагогикалық модельдің мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру үшін педагогикалық жағдай жасау. Балаларды қауіпсіз мінез-құлық ережелерімен тиімді таныстырудың қажетті шарты осы мәселені шешуде ата-аналармен әрекеттестік бірден-бір тиімді жүйе болып табылады. Қауіпсіз өмірдің білім беру кеңістігін модельдеу оқытудың жүйелік, мәдени, экологиялық, белсенділік және тұлғалық-бағдарлы тәсілдерінің өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуі тиіс. Қазіргі уақытта отбасында және мектепке дейінгі білім беру жүйесінде мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бойынша зерттеулер өзекті болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие және білім беру ұйымдарындағы өмір қауіпсіздігі саласында балалардың өмірлік тәжірибесін дамытуға көңіл бөлінеді, бірақ нені және қаншалықты оқыту керектігі туралы ортақ түсінік те, жинақталған педагогикалық тәжірибені жүйелеу де жоқ. Мектеп жасына дейінгі балалардың мінез-құлқын дұрыс әрі жүйелі қалыптастыруда ата-аналар мен педагогтардың қызметін анықтау үшін зерттеулер қажеттілігі туындады.

Түйін сөздер: педагогикалық модель, мектепке дейінгі ұйым, отбасы, мектеп жасына дейінгі бала, қауіпсіз мінез-құлық, педагогикалық қызмет;

Бельгибаева Г.К.,¹ Жұмкенова Ә.¹

¹ *Қарағандинский университет имени академика Е.А. Букетова,
Республика Казахстан, г. Караганда*

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ МОДЕЛЬ БЕЗОПАСНОСТИ ЖИЗНИ ДОШКОЛЬНИКОВ

В статье рассматривается педагогическая модель формирования безопасного поведения дошкольников на основе взаимодействия дошкольного учреждения и семьи. В основе этого педагогического моделирования лежит ответ на большой социальный вопрос. Целью предлагаемой педагогической модели является создание педагогических условий для формирования безопасного поведения детей дошкольного возраста. Необходимое условие эффективного ознакомления детей с правилами безопасного поведения - одна из наиболее эффективных систем взаимодействия с родителями при решении данной проблемы. Моделирование образовательного пространства для безопасной жизни должно обеспечивать

взаимодействие систематических, культурных, экологических, активных и личностно-ориентированных подходов к обучению.

В настоящее время актуальны исследования по формированию культуры безопасности дошкольников в семье и в системе дошкольного образования. Организации дошкольного образования делают упор на развитие жизненного опыта детей в области безопасности жизнедеятельности, но нет ни единого понимания того, что и сколько учить, ни систематизации накопленного педагогического опыта. Необходимы исследования для определения роли родителей и учителей в правильном и систематическом формировании поведения детей дошкольного возраста.

Ключевые слова: педагогическая модель, дошкольная организация, семья, дошкольник, безопасное поведение, педагогическая деятельность;

Belgibayeva G.K.^{1}, Zhumkenova A.D.¹*

¹ *E.A. Buketov after named Karagandy University, Republic of Kazakhstan, Karaganda*

PEDAGOGICAL MODEL OF SAFETY OF LIFE OF PRESCHOOL CHILDREN

The article discusses a pedagogical model of the formation of safe behavior of preschool children based on the interaction of a preschool institution and a family. At the heart of this pedagogical modeling lies the answer to a big social question. The purpose of the proposed pedagogical model is to create pedagogical conditions for the formation of safe behavior in preschool children. A necessary condition for effectively familiarizing children with the rules of safe behavior is one of the most effective systems of interaction with parents in solving this problem. Modeling an educational space for a safe life should ensure the interaction of systematic, cultural, environmental, active and student-centered approaches to learning.

Currently, research on the formation of a safety culture of preschoolers in the family and in the preschool education system is relevant. Organizations of preschool education focus on the development of children's life experience in the field of life safety, but there is not a single understanding of what and how much to teach, nor the systematization of the accumulated pedagogical experience. Research is needed to determine the role of parents and teachers in the correct and systematic shaping of the behavior of preschool children.

Keywords: pedagogical model, preschool organization, family, preschooler, safe behavior, pedagogical activity;

Кіріспе. Білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі баланың қоғамда толыққанды, қауіпсіз өмір сүруін қамтамасыз етудің маңызды міндеттерінің бірін алға қойды. Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету - отбасының, қоғамның және мемлекеттің ең маңызды міндеті.

20 – шы ғасырдың екінші жартысындағы халықаралық үдерістер бала құндылығын танудың күшеюіне ықпал етті. Халықаралық қоғамдастықта балаларға деген көзқарас, балаларды қорғаудың халықаралық әлеуметтік-құқықтық стандарттарын – Бала құқықтары туралы декларацияны (1959 ж.), БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын қабылдау арқылы бірте-бірте жаңа сапаға ие болуда (1989), оның негізгі ережелері балалардың қоғамда қауіпсіз және лайықты өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған [1, б.262].

Қазіргі әлемде баланы әлеуметтік қорғау қоғамның экономикалық және мәдени дамуының маңызды факторларының бірі болып саналады. Баланың әлеуметтік қорғалу құқығы әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен бостандықтарының біріне айналды және өркениетті елдердің көпшілігінің конституцияларында бекітілген. Қазіргі қоғамда ата-ана бақылауының жоқтығы салдарынан мектеп жасына дейінгі балаларда болатын қауіпті жағдайлардың көбеюі, зорлық-зомбылық әрекеттер, бала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі өте өзекті тақырыптардың бірі. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балалардың өмір қауіпсіздігі, физикалық және психикалық денсаулығын сақтау және өмірлік тәжірибесін дамыту педагогикалық қызметтің басым бағыты болуы тиіс [2, б. 92].

Модельдеу – объектінің тұтас көрінісін болжайды, құбылысты жалпылауға, оның құрылымын нақты көрсетуге, құрылымдық элементтер арасындағы байланысты анықтауға және олардың маңызды белгілерін көрсетуге мүмкіндік береді. Модельдеу нәтижесінде модель жасалады. «Модель – үлгі, түпнұсқаны алмастырушы. Ол, бір жағынан, құбылысты біршама жеңілдетуге, маңызды емес қасиеттерден абстракциялауға, объектінің сипаттамасын схемалауға, ал екінші жағынан, объектінің құрамдас бөліктерін, олардың арасындағы байланысты орнатуға және сипаттауға мүмкіндік береді» [3, б. 25].

Ұсынылып отырған педагогикалық модельдің мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру үшін педагогикалық жағдай жасау.

Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер тұжырымдалды:

- мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлқының когнитивті, эмоционалды-мотивациялық және мінез-құлық негіздерін қалыптастыру;
- мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде мектепке дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық тәжірибесін тиімді қалыптастырудың педагогикалық шарттарының жиынтығын анықтау және эксперименттік негіздеу;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен отбасылардың өзара іс-әрекеті негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кешенді бағдарламасын әзірлеу және сынақтан өткізу.

Модельді құру кез келген психологиялық-педагогикалық процестерді зерттеудің, оларды жетілдіруге және практикалық іске асыруға ықпал ететін қажетті кезең болып табылады. Модель құрылымдық компоненттердің өзара байланысын анықтауға, қажетті процесті құру үшін сипаттамалық белгілер мен шарттарды ашуға мүмкіндік береді [4, б. 47].

В.М.Монахов зерттеулерінде мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігінде білім беруді жобалау әдістемесін, тәсілдерін, принциптерін, әдістері мен құралдарының жиынтығын анықтайды [5, б. 31].

М. В. Погодаева мектеп жасына дейінгі балаларға қауіпсіздік техникасын оқытуды қауіпсіз мінез-құлыққа үйретудің мақсатты процесі және жоғары табиғи, техногендік және экологиялық қауіп жағдайында балаларды қауіпсіз өмірге дайындауға бағытталған қауіпсіздік мәдениетке тәрбиелеу деп түсінеді [6, б. 53].

Әрбір жас кезеңінде балаға әсер ететін типтік әлеуметтік қауіптерді анықтауға болады.

➤ **Құрсақішілік даму кезеңінде:** ата-анасының денсаулығы нашар, олардың алкогольді ішімдіктер тұтынуы немесе күйзеліске толы өмір салты, анасының дұрыс тамақтанбауы; ата-ананың жағымсыз эмоционалды-психологиялық жағдайы, қолайсыз экологиялық орта.

➤ **Ерте және мектепке дейінгі жас:** ауру және дене жарақаты; ата-ананың эмоционалды ақымақтығы немесе азғындығы, ата-ананың баланы тастап кетуі; отбасылық кедейлік; балалар мекемелеріндегі жұмысшылардың адамгершілікке жатпайтын іс-әрекеттері; қоғамға қарсы орта; ата-анасының теріс тәрбиесі; физикалық жарақаттар мен ақаулар; ата-анасынан айырылу; физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық; [7, б. 37]

Мен өзімнің зерттеуімде жүйелік, мәдени, экологиялық, белсенділік және тұлғалық-бағдарлы тәсілдер бойынша теориялық және әдістемелік ережелерге негізделген педагогикалық модельді ұсынамын. Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігі саласындағы білім беру мәселесінің осы аспектілерін қарастыру және түсіну балалардың қазіргі әлемдегі қауіптерге бейімделуін арттыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасының өзара әрекеттесуіне негізделген мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастырудың мазмұнды моделін әзірледім. Ұсынылған модель келесі блоктарды қамтиды:

- Концептуалды-мақсатты блок
- Ұйымдық-технологиялық блок
- Диагностикалық-тиімді блок.

Концептуалды-мақсатты блок мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасының өзара әрекеттестігі негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігінің негіздерін қалыптастырудың мақсатын, міндеттерін, принциптерін, функцияларын қамтиды.

Ұйымдастыру-технологиялық блок қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру мақсатында мектепке дейінгі балаларға әсер ету механизмдерін – ойын технологияларын, формаларын, әдістерін, құралдарын қамтиды.

Диагностикалық-түімді блок мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру критерийлерінен, көрсеткіштерінен, параметрлерінен және деңгейлерінен тұрады.

Алдыға қойылған мақсатқа жету міндеттерін жүзеге асыру мектепке дейінгі ұйымда зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы жүзеге асты. Зерттеу жұмысы мектеп жасына дейінгі балалардың тіршілік қауіпсіздігін қалыптастыратын педагогикалық моделдерді анықтап берді. Бұл жұмыс 3 кезеңді қамтыды:

Бірінші кезең – **анықтау кезеңі**, мұнда балаларға арнайы тәрбиеші топтық немесе жеке әңгімелесу ұйымдастырылады, бұдан балалардың деңгейі анықталып алынды.

Екінші кезең – **бақылау кезеңі**, бұл кезең тікелей бірінші кезеңмен байланысты, алынған анықатама арқылы бақылау жұмыстары жүзгізілді.

Үшінші кезең – **қорытынды**, аталған кезеңдердің нәтижесі алынып, жалпы ортақ қорытынды шығарылады.

Жүргізілген зерттеу жұмысында анықтау кезеңінде «Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздік негіздері» бағдарламасы бойынша қауіпсіз мінез-құлық негіздері туралы идеяларды анықтауға арналған тест (Авдеева Н.Н., Князева О.Л., Стеркина Р.Б.) қолданылды. Зерттеу жұмысында әрбір кезең бойынша алынған нәтижелер диаграммаға салынып, әрбір кезеңнің нәтижелері салыстырыла отырып, қорытынды жасалды.

Материалдар мен әдістер. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыруға арналған пәндік-дамытушы орта әлемді және ондағы қауіптерді танып білу үшін жағдай жасауы керек және баланың рухани-адамгершілік және эмоционалдық санасын дамытуға бағытталуы тиіс. Мектеп жасына дейінгі балалар эмоционалды түрде сезімтал, сондықтан мектеп жасына дейінгі балаға басқаның мінез-құлқындағы өзгерісті сезінуге, өзгенің қайғысына жанашырлықпен қарауға және басқалармен бірге қуана білуге, мейірімділікке үйрету – мұғалімнің негізгі міндеттері. Баланың қажеттіліктеріне сәйкес келетін және сол арқылы оның іс-әрекетін ынталандыратын қоршаған ортаның мүмкіндіктерін пайдалану қажет, бала қажеттіліктерін қанағаттандыруға және сонымен бірге өзін-өзі дамытуға бағытталған белсенділікті көрсетеді [8, б. 121].

Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастырудың таңдалған әдістемелік тәсілдерінің теориясы мен тәжірибесінің жай-күйін зерттеу негізінде осы интегралды сапаны тәрбиелеудің принциптерін анықталды:

- **жүйелілік принципі** мектеп жасына дейінгі балаларға әсер етудің мақсаттары, міндеттері, мазмұны, нысандары мен әдістерінің әзірленген бірыңғай жүйесі негізінде оқу іс-әрекетін мақсатқа сай жүзеге асыруды болжайды;

- **субъективтілік принципі** мұғалімге баланың басқа адамдармен және әлеммен қарым-қатынасында өзінің «менін» білу, оның іс-әрекетін түсіну, өзінің тағдыры үшін басқа адамдармен әрекетінің салдарын болжай білу қабілетін барынша дамытуды талап етеді;

- қатысушылардың өзара әрекетінің субъектілік сипаты принципі, жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес балалардың интеллектуалдық, эмоционалдық, жеке белсенділігін қамтамасыз ететін балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әдістерін, формаларын таңдау.

- **қолжетімділік принципі**, оқыту ойын түрінде, балаларға қолжетімді болуы керек. Балалар өздеріне түсініксіз немесе көлемі балалардың қабылдауынан асатын ақпаратты қабылдамайды;

- **аймақтық ерекшеліктерді есепке алу принципі:** мектеп жасына дейінгі балалар арасында қауіпсіздік мәдениетін тәрбиелеу процесінде табиғи жағдайлар мен ресурстар, облыстағы, қаладағы, аудандағы мәселелер мен оларды шешу жолдары, демографиялық жағдай, өмір сүру сапасы, балалардың зияткерлік және рухани әлеуетін есепке алу.

- **ізгілік принципі** мектепке дейінгі тәрбиені ізгілендіруді, баланың бейімділігі мен мүдделеріне сәйкес келетін іс-әрекет түрлерін еркін таңдауын: балаға құрметпен қарауды, оның

жеке басының ерекшелігін терең түсінуді, қажеттіліктер мен жас ерекшеліктерін есепке алуды көздейді. Бала өзін тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік алады, өзін-өзі бағалау мүмкіндігіне ие болады. Өз бетінше жұмыс істеу кезінде күтпеген жағдайда әрекет ету, қауіпті жағдайда өз бетінше шешім қабылдау қабілеттері дамиды. Мұғалімнің рөлі балаға оның қызығушылықтарына сәйкес келетін іс-әрекет түрлерін таңдауды қамтамасыз ететін пәндік дамытушы ортаны құру;

- қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мәселелерін шешуде ынтымақтастықтың объективті негіздерін анықтауға негізделген тәрбиелену, отбасы мен мектепке дейінгі мекеменің арасындағы байланыс.[9, б. 14-15]

Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлқының қалыптасу деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін критерийлер мен көрсеткіштерді әзірлеу кезінде бұрын әзірленген және педагогикалық әдебиеттерде сыналған Т.Г.Хромцова, А.И.Садретдинова, Л.В.Пелихова жұмыстарындағы критерийлер қарастырылды, олар:

Когнитивтік критерий – тіршілік қауіпсіздігі, адам өмірі мен денсаулығының қоршаған орта жағдайына тәуелділігі туралы қарапайым білім, адам ағзасының құрылысы, адам тірі организм ретінде, табиғаттың бір бөлігі ретінде денсаулығын сақтау үшін танымдық қабілеттерін дамыту.

Эмоциялық-мотивациялық критерий – денсаулықты, өмір қауіпсіздігін сақтауға және нығайтуға бағытталған мотивтерді, қажеттіліктерді және мақсаттарды білу.

Мінез-құлық критерийі – салауатты өмір салтын ұстанатын мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, күнделікті өмірде қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау, кез-келген өмірлік жағдайларда денсаулықты сақтау тәжірибесі. [10, б. 50]

Осы идеялар негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру деңгейлерінің сипаттамасы құрастырылды.

Нәтижелер мен талдаулар. Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлқын тәрбиелеу деңгейін анықтау мақсатында КМҚК «Гауһар» бөбекжайы базасында ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастырдық. Жұмысқа балабақшаға тұрақты баратын 3 жастағы 12 бала қатысты. Эксперимент 3 кезеңнен: **анықтау, бақылау, қорытынды** тұрады.

Ресейлік мұғалімдер Е.Я. Голант, И.Т. Огородников, С.И. Перовский, әдістердің үш тобын ажыратады: ауызша (әңгіме, әңгімелесу, балаларға сұрақ т.б.), көрнекілік (көрсету және т.б.), практикалық (шығармашылық жобаларды, ойындар мен жаттығуларды орындау, т.б.) Қауіпсіз мінез-құлық негіздерін түсінуді анықтау үшін біз де ресей мұғалімдерінің әдістерін қолдана отырып, әр баламен жеке әңгіме жүргіздік. Балалардың материалды қалай меңгергенін, не туралы ойлайтынын жақсы түсіну үшін біз жеке және топтық әңгімелерді де қолдандық. Көрнекі әдістер барлық жас топтарында қолданылады. Олар балаларға әртүрлі объектілерді қалай ұстау және әртүрлі адамдармен (таныстар, бейтаныс, ықтимал қауіпті және мейірімді), сондай-ақ жанды және жансыз табиғат объектілерімен қарым-қатынас жасау туралы нақты түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ересек адамның мінез-құлқын қабылдау және оларға еліктеу процесінде балалар мұғаліммен және басқа балалармен жағымды қарым-қатынас орнатудың жолдарын, мінез-құлықтың белгілі бір нормалары мен ережелерін сақтауды үйренеді: ренжітпеу, басқаларды мазақтамау, ұнатқан ойыншығын тартып алмау; сезімдеріңізді қолайлы түрде білдіру; сәлемдесу, қоштасу, көрсетілген көмек үшін алғыс айту, туындаған мазасыздық үшін немесе теріс қылық болған жағдайда кешірім сұрау және т.б.

Кіші мектеп жасына дейінгі топтарда егжей-тегжейлі түсініктемелермен, ересек адамның өз әрекеттерін дауыстап айтып, белгілі бір объектімен әрекеттесу кезінде аулақ болу керек болатын ықтимал жасырын қауіптерді түсіндіреді. Мысалы, қайшыны бір-біріне беру кезінде.

Р.Б. Стеркина «Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздік негіздері» бағдарламасы бойынша бағалау критерийлері (1-кесте)

Бағдарлама бөлімі	Сауалнама әдістері	Қалыптастыру деңгейі	
Ол топта (қабылдау бөлмесі, жатын бөлме) өзін бағдарлай алады. Адамның дене мүшелерін атай алады.	Бақылау, карточкалар арқылы тексеру әдісі. Сіз адам денесінің құрылысын білесіз бе? Қандай гигиеналық процедураларды білесіз және олардың қажеттілігі?	Төмен	Жеке заттарының қайда сақталатынын, үстел басындағы орнын, төсегін есіне сақтамай алмайды
		Орташа	Бір бөлігін есіне сақтайды
		Жоғары	Жеке заттарының қайда сақталатынын, үстел басындағы орнын, төсегін есіне толық сақтай алады
«Жақсы», «жаман», «мүмкін емес», «мүмкін», «қажет» сөздерін түсініп, мағынасына қарай әрекет етеді.	Карточкалар арқылы тестілеу. Суреттер әртүрлі әрекеттерді бейнелейді, бала карталарды «жақсы», «жаман», «рұқсат», «рұқсат етілмейді» деп топтарға бөлуі керек.	Төмен	Сөз мағынасын мүлдем түсінбейді
		Орташа	Бір бөлігін түсінеді
		Жоғары	Сөздерді түсініп, мағынасына қарай әрекет жасайды
«Үй қауіпсіздігі» бөлімі бойынша: Тәртіп ережелерін бұзудың салдары туралы, тұрмыстық техниканың қауіптілігі және қоршаған ортадағы қауіпті жағдайлар, өрт, сапасыз өнімдер, дәрі-дәрмектерді қабылдаудың қауіптілігі туралы алғашқы түсініктері бар.	Карточкалар арқылы тестілеу әдісі. 1. Күнделікті өмірде кездесетін өмірге қауіпті заттарды, олардың қажеттілігін және пайдалану ережелерін білесіз бе? 2. Өз бетіңізше қолдануға болмайтын өртке қауіпті заттарды білесіз бе? Қандай тағамдар денсаулыққа пайдалы?	Төмен	Білмейді және оларды карталарда көрсете алмайды
		Орташа	Кей бөлігін түсінеді
		Жоғары	Тұрмыстық техниканың, өрттің, азық-түліктің, дәрі-дәрмектің қауіпті заттарын біледі және картадан көрсете алады
«Табиғаттағы қауіпсіздік» бөлімі бойынша 1. Улы өсімдіктер туралы алғашқы түсініктері бар. 2. Жануарлармен кездескенде абай болу	Карточкалар арқылы тестілеу әдісі. Жануарлармен және жәндіктермен (олар шағуы мүмкін немесе жоқ) қауіпсіз әрекет ету ережелерін білесіз бе? Сіз күн сәулесінің қауіпсіз болу ережелерін білесіз бе?	Төмен	Білмейді және оларды карталарда көрсете алмайды
		Орташа	Кей бөлігін түсінеді
		Жоғары	Улы өсімдіктерді, қауіпті жануарларды біледі және картадан көрсете алады
«Бала және басқа адамдар» бөлімі үшін: 1. Әртүрлі күтпеген жағдайларда, бейтаныс адамдармен кездескен кезде адекватты.	Карточкалар арқылы тестілеу әдісі Балалар ертегілердің қауіпті кейіпкерлері бейнеленген карталарды таңдауы керек	Төмен	Бейтаныс адамдармен қалай қарым-қатынас жасау керектігін білмейді
		Орташа	Кей бөлігін түсінеді

		Жоғары	Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасауды біледі
«Көшедегі және жолдағы қауіпсіздік» бөлімі бойынша: Жолдағы өзін-өзі ұстау ережелері туралы түсініктері бар	Тест әдісі Көшеден қауіпсіз өту ережелерін, бағдаршам туралы біліміңізді білесіз бе? Бағдаршам карталары, жол белгілері	Төмен	Бала абдырап, жауап бере алмайды.
		Орташа	Бала ойланып, дұрыс жауап береді
		Жоғары	Бала сұраққа қатесіз жауап береді

Кесте 1. «Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздік негіздері» бағдарламасы бойынша мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру деңгейін бағалау критерийлері

Бұл педагогке арнайы дайындықты немесе қажет болған жағдайда балалармен бір бағытта немесе басқада қосымша жұмыстарды жүргізуді қажет ететін салаларды өзі анықтауға және барабар әдістемені (оқу қызметі, ойын, оқу, әңгімелесу) таңдауға мүмкіндік береді.

Әңгімелесудің мақсаты – мектеп жасына дейінгі балаларда қауіпсіз мінез-құлық негіздері туралы түсініктердің қалыптасу деңгейін анықтау.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздік негіздері» бағдарламасы бойынша қауіпсіз мінез-құлық негіздері туралы идеяларды анықтауға арналған тест (Авдеева Н.Н., Князева О.Л., Стеркина Р.Б.) 2 - кестеде көрсетілген.

Сұрақ нөмірі	Бағдарлама бөлімдері	Сұрақтар	Ұпайлар		
			Жоғары	Орташа	Төмен
1	Топты кеңістікте бағдарлау	Ұйықтайтын жеріңізді көрсетіңіз	5	3	1
2	Адам денесінің құрылысын білу	Карточкалардағы адамның дене мүшелерін көрсетіп, оларды атаңыз.	5	3	1
3	«Жақсы», «жаман» ұғымдарын білу	«Жақсы», «жаман» сөздерінің мағынасын білесіз бе? Мысал келтіріңіз	5	3	1
4	Үй қауіпсіздігі	Күнделікті өмірде кездесетін өмірге қауіпті заттарды, олардың қажеттілігі мен пайдалану ережелерін білесіз бе?	5	3	1
5		Сіз өз бетіңізше қолдануға болмайтын өртке қауіпті заттарды білесіз бе?	5	3	1
6	Табиғаттағы қауіпсіздік	Сіз қандай жануарлардың тістейтінін, шағатынын, тырнайтынын білесіз бе?	5	3	1
7		Улы және шаққан қауіпті өсімдіктерді білесіз бе?	5	3	1
8	Бала және басқа адамдар	Ертегілердің жағымсыз, қауіп төндіретін кейіпкерлері бейнеленген карталарды таңдаңыз.	5	3	1
9	Көше және жол	Сіз жолда жүру ережелерін	5	3	1

	қауіпсіздігі	білесіз бе?			
10		Бағдаршам түстері нені білдіреді?	5	3	1
	Барлығы		36-50	26-35	10-25

Кесте 2. Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыруын анықтауға арналған тест


№	Сұрақтар										Барлығы
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1	3	3	1	3	3	1	3	1	3	1	22
2	5	3	3	5	5	3	5	5	3	5	42
3	3	3	3	5	3	3	3	3	3	3	32
4	3	1	3	3	1	3	3	1	3	3	24
5	5	5	5	3	5	1	3	3	1	1	32
6	5	5	5	5	1	3	5	1	1	1	32
7	3	3	1	1	3	1	3	3	1	3	22
8	5	5	5	3	3	1	1	1	1	1	26
9	5	5	5	3	3	3	3	1	3	3	34
10	5	5	3	3	3	3	3	1	1	3	30
11	5	3	5	5	1	3	1	1	1	3	28
12	5	3	5	5	5	3	3	3	3	3	38

Кесте 3. Анықтау кезеңі бойынша алынған тест нәтижелері

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесідей қорытынды жасауға болады. 12 бала:

- ✚ 3 баланың қауіпсіз мінез-құлық бойынша білім деңгейі төмен;
- ✚ 7 бала орта деңгейде;
- ✚ 2 баланың ғана қауіпсіз мінез-құлық бойынша білімі жоғары.

Мұны 1-суретте пайызбен нақтырақ көруге болады.



Сурет 1. Анықтау кезеңінің пайыздық көрсеткіші

Яғни, балалармен жеке әңгімелесудің нәтижелері бойынша келесі мәліметтер алынды: қауіпсіз мінез-құлық деңгейінің төмендігі мектеп жасына дейінгі балалардың 25%-ын құрайды. Бұл топтағы балаларда қауіпсіз мінез-құлық негіздері туралы барлық бөлімдерде жүйесіз фундамент бар, бірақ олар сұрақтарға жауап беруге сенімді емес. Бұл балалардың жеке

ерекшеліктеріне де байланысты. Мектеп жасына дейінгі балалардың көпшілігі күнделікті өмірдегі қауіп-қатер көздерін ғана атайды. Олар қауіп төнген кездегі сақтық шаралары мен әрекеттерімен таныс емес. Балаларда қауіпті заттарды пайдалану дағдылары қалыптаспаған.

Қауіпсіз мінез-құлыққа тәрбиелеудің орташа деңгейін балалардың 58%-ы көрсетті. Бұл балалар қауіпсіз мінез-құлық негіздерін жеткілікті жүйелі түрде түсінеді.

Қауіпсіз мінез-құлыққа тәрбиелеудің жоғары деңгейін балалардың 17%-ы көрсетті. Бұл балалар қауіпсіз мінез-құлық негіздері туралы түсінік деңгейінде жүйелі түсінікке ие.

Зерттеу нәтижелерінен мынадай қорытынды жасауға болады: балалар басым көпшілігі жолда жүру ережелерін, бағдаршам не үшін қажет екенін, көліктегі өзін-өзі ұстау ережелерін, бейтаныс адам келсе не істеу керектігін, не үшін қолды жуу керектігін білмейді және т.б.

Бақылауларды талдау, балалармен әңгімелесу балалардың жалпы қауіпсіздік техникасы бойынша және әрбір бөлім бойынша қажетті білімдері мен дағдыларының жоқтығын көрсетті. Бұл топтағы жұмысты мұғалімдер жүргізетінін, бірақ оның ретсіз жүргізілетінін, күнтізбелік және перспективалық жоспарлар да толық жоспарланбайтынын көрсетеді.

Қауіпсіз мінез-құлықты түсінудің орташа деңгейі бар балалар «қауіпсіздік» түсінігін өз сөздерімен тұжырымдап, анықтай алады, бірақ белгілі бір жағдайларда қалай дұрыс әрекет ету керектігі туралы түсінік жоқ. Қауіпсіз мінез-құлықты түсіну деңгейі орташадан төмен, қауіпсіздіктің не екенін және бұл жағдайда қалай дұрыс әрекет ету керектігін білмейтін балалар да бар.

Анықтау кезеңінің нәтижелерін талдау жұмыстың келесі бағыттарын белгілеуге мүмкіндік берді:

1) бала қарым-қатынаста болатын және қауіп төнуі мүмкін өмір салаларына арналған көрнекі құралдар кешенін әзірлеу және енгізу. Нәтижесінде әрбір тақырып бойынша балалардың есте сақтауы ғана емес, оларды сақтау қажеттілігін сезінуі тиіс мінез-құлық ережелерінің жиынтығы болуы керек;

2) балалардың қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыруға арналған материалдарды жақсы игеру мақсатында топтағы ортаны байыту;

3) балалардың қауіпсіз мінез-құлық қалыптастыруға бағытталған мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасының өзара іс-әрекеті.

Қойылған міндеттерді орындау үшін біз дамытушы ортаның шарттарына өзгерістер енгіздік. Балаларға арнап қауіпсіздік бұрышын жасадық, оны екі аймаққа бөлуді шештік - практикалық және көрнекі әрекет аймағы. Бұл балаларға берілген материалды ойын әрекеті процесінде еркін пайдалануға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, бұрышты балалардың жас ерекшеліктеріне сай пәндік оқу құралдарымен, ойындармен толықтырдық. Бұл ретте бізге балалардың ата-аналары көмектесіп, қажетті көрнекі материалдарды алды. Сонымен қатар, жол қозғалысы ережелері бойынша көрнекі демонстрациялық материалдар топтамасы, тақырыптық плакаттар сатып алынды. Ата-аналармен бірге жол ережесіне сай «Біздің қала» үстелдік макеті жасалды.

Ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысуын белсендіру үшін тәрбиешіге бұл мәселенің мектеп жасына дейінгі балалар үшін маңыздылығын түсіндіру қажет. Өйткені, ата-ана мен ұстаздың міндеті – баланы өздері қорғап, қорғау ғана емес, сонымен қатар оған өзін дұрыс ұстауды үйрету: үйде, балабақшада, көшеде, құрдастарымен бірге. Тәжірибенің ересектен балаға ауысуы тәрбиеші балабақшада беретін және үйде тәжірибеде бекітілген оқыту арқылы жүзеге асады. Сондықтан мұғалім үшін ата-аналардың назарын балаларға қауіпсіз мінез-құлықтың негізгі ережелерін үйретуге белсендіру өте маңызды.

3 жастағы балалар нені білуі керек және неден бастау керектігі туралы ата-аналарға жақсырақ нұсқау беру үшін оларды қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру бойынша жұмыстың ұзақ мерзімді жоспарымен таныстыру қажет. Бұл іс-шаралар жоспары 4 - кестеде көрсетілген.

Уақыты	Іс-шаралар	Мақсаты
Қыркүйек	Ата-аналармен әңгімелесу «Ата-ана үлгісі – балалардың қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына тәрбиелеудің басты факторларының бірі».	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін көтеру
Қазан	Ата-аналарға арналған жадынама «Балалардың көшедегі тәртібі туралы сабақтар» Консультация: «Ата-ана баласымен көшеде жүргенде нені білуі керек».	Мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарын жарақаттанудың алдын алуға үйрету
Қараша	Ақпараттық стенд: Балаңыздың қауіпсіздігі сіздің қолыңызда. Ата-аналарға арналған ұсыныстар: -Жолдың екі жағы анық көрінетін жерде ғана жолды кесіп өтуді үйрену. -Егер балада жарақат болса, онда ересектерден көмек сұрау керектігін түсіндіріңіз.	Қауіпсіз мінез-құлық бойынша тәрбиеші ата-аналарға білім беру
Желтоқсан	Ақпараттық стенд: «Мектеп жасына дейінгі балалары бар ата-аналарға арналған жол қозғалысы ережелері» «Жаңа жылдық шырша орнату» кеңесі, қауіпсіздік ережелері Сауалнама «Мен және менің балам қала көшелерінде»	Қауіпсіз мінез-құлық бойынша тәрбиеші ата-аналарға білім беру
Қаңтар	Консультация: «Ата-ана баласымен көшеде жүргенде нені білуі керек».	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін көтеру
Ақпан	Ата-аналарға арналған ұсыныстар: - Баламен бірге үйдің мекенжайын, ата-анасының аты-жөні туралы айтып, жаттатқызу; -Балаңызға кімді бейтаныс, ал кімді өзіміз деп атауға болатынын түсіндіріңіз	Қауіпсіз мінез-құлық бойынша тәрбиеші ата-аналарға білім беру
Наурыз	Балалармен үйде жадынама жасаңыз «Көшеде жүру барысында өміріңді сақтаудың жолы - жол қозғалысы ережелерін сақтау»	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін көтеру
Сәуір	- Ата-аналар жиналысы «Ата-ана – үйде, көшеде, жолда жүрудің үлгісі» - «Бала құқықтарын қорғау», «Ересектер зорлық-зомбылығы» кеңесі - «Қауіпті жағдайлар: бейтаныс адамдармен байланыс» тақырыбы бойынша ата-аналарға арналған қауіпсіздік ақпаратын жаңарту	Мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарын баланың құқықтарын қорғауға үйрету
Мамыр	«Қауіпті заттар» кеңесі «Өртке қауіпті заттар» тақырыбы бойынша ата-аналарға қауіпсіздік туралы ақпаратты жаңарту	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің деңгейін көтеру

Кесте 4. Мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық негіздерін қалыптастыру бойынша ата-аналармен жұмыстың ұзақ мерзімді жоспары

Қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша дағдыларды қалыптастыру үшін балаларды қайталап зерттеу жүргізілді. Алынған нәтижелер 5 - кестеде келтірілген.


№	Сұрақтар										Барлығы
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
1	5	3	3	5	5	3	5	1	3	1	34
2	5	5	5	5	5	3	5	5	3	5	46
3	5	3	3	5	5	3	5	3	3	3	38
4	5	3	3	5	3	3	3	3	3	3	34
5	5	5	5	3	5	1	3	3	3	1	34
6	5	5	5	5	3	3	5	3	3	1	38
7	5	3	3	3	3	3	5	3	1	3	32
8	5	5	5	3	5	3	3	1	3	1	34
9	5	5	5	3	3	3	3	3	3	3	36
10	5	5	3	3	5	3	3	3	3	3	36
11	5	3	5	5	3	3	3	3	3	3	36
12	5	5	5	5	5	3	5	3	3	3	42

Кесте 5. Бақылау кезеңі бойынша алынған тест нәтижелері

Эксперименттік жұмыстың нәтижесі бойынша мынадай қорытынды жасауға болады. Қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы білімнің қалыптасу деңгейін анықтау үшін балалардың проблемалық жағдаяттарды орындауы балалардың көпшілігі ересектердің көмегіне жүгінбейтінін, тапсырмаларды орындау кезінде олардың зейінді және жанама байланыстарды жақсы орнататынын көрсетті.

Объектілерді класстарға ойша бөлу және маңызды белгілерді таңдау міндеті қиындық тудырмады. Балалар үшін бұл еш қиындық тудырмады.

Балабақшаға үнемі баратын 12 баланың 7-еуінің (58%) мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру деңгейі айтарлықтай жоғары; 5 - еуі (42%) қауіпсіз мінез-құлық қалыптасу деңгейі орташа. Мұны 2-суретте пайызбен нақтырақ көруге болады.



Сурет 2. Бақылау кезеңінің нәтижелері

Балалардың жауаптарын талдау балалардың бұл тақырыпқа қызығушылық танытатынын көрсетті, алайда балалардың жол қозғалысы ережелеріне қатысты қауіпсіз мінез-құлық ережелері туралы жалпы білімдері мен идеялары шашыраңқы. Неғұрлым толық жауаптар негізінен бірнеше нысандарға қатысты болды, мысалы: бағдаршам түстерінің белгіленуі, жаяу жүргіншілер жолы (тратуар) мен жолдағы жаяу жүргінші жолы (пешеход), т.б. Эксперименттік жұмыстың келесі


қорытынды кезеңі – анықтау және бақылау кезеңдерінің нәтижелерін салыстыру. Эксперименттік жұмыстың анықтау және бақылау кезеңдерінің нәтижелері 6 - кестеде келтірілген.

№ (баланың)	Ұпай саны (анықтау)	Ұпай саны (Бақылау)
1	22	34
2	42	46
3	32	38
4	24	34
5	32	34
6	32	38
7	22	32
8	26	34
9	34	36
10	30	36
11	28	36
12	38	42

Кесте 6. Анықтау және бақылау кезеңдері бойынша тест нәтижелері

Бақылау талдауы балалардың қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша білімдерін қалыптастыру деңгейін анықтады және балалардың ойларына оң өзгерістерді орнатуға мүмкіндік берді.

Мұны 3-суретте нақтырақ көруге болады.



Сурет 3. Анықтау және бақылау кезеңдерінің салыстырмалы көрсеткіштері

Көріп отырғаныңыздай, 3-суреттен 3 жастағы балалар арасында қауіпсіз мінез-құлық туралы білім деңгейі айтарлықтай өсті. Қауіпсіз мінез-құлық туралы білімнің жоғары деңгейі балалардың 58%-да қалыптасты, бұл эксперименттің басындағысынан 41%-ға артық, нәтижесінде орташа деңгейі бар балалар 16%-ға аз болды. Ал білім деңгейі төмен балалар мүлде жоқ.

Осылайша, алынған нәтижелер мектеп жасына дейінгі балаларда қауіпсіз мінез-құлыққа тәрбиелеу деңгейін арттыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың тиімділігін айғақтайды. Эксперименттік жұмыстың соңында қауіпсіз мінез-құлық негіздерін жоғары деңгейде меңгерген балалардың саны айтарлықтай өсті. Бұл балалар күн сайын балабақшаға баратын, белсенді, еңбекқор, зейінді болды. Яғни, зерттеудің бақылау кезеңінің нәтижелері балалардың қауіпсіз мінез-құлық негіздері бойынша білім меңгеруінде оң өзгерістер болғанын көрсетеді.

Қорытынды. Мектепке дейінгі білім беру мекемелері мен отбасының өзара әрекеттесуі негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіз мінез-құлық қалыптастырудың

педагогикалық моделінің түпкілікті нәтижесі педагогикалық шарттарды жүзеге асыру, білім беру және белсенділік ортасын кеңейту, өмірдің әртүрлі жағдайларында организмнің бейімделу қабілетін арттыру және жеке тұлғаның қауіпсіз мінез-құлыққа тұрақты мотивациясын қалыптастыру мақсатында қоршаған орта факторларының әсер ету сипатын, балалардың жас және типологиялық ерекшеліктерін ескеру.

Бағдарламаны, оның ішінде тақырыптық сабақтарды, лекцияларды, шеберлік сыныптарын жоспарлауды қамтитын балалардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету процесінде мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасының педагогикалық өзара іс-әрекетінің әдістемелік мазмұнын әзірлеу, ата-аналардың балалармен өздік жұмысы, отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері мен ата-аналардың дайындық деңгейін ескере отырып, ата-ана мен баланың бірлескен тренингтерін, іс-шараларды, кеңестерді дамыту. Осылайша, мектепке дейінгі білім беру мекемелері мен отбасының өзара әрекеттесуіне негізделген мектеп жасына дейінгі балаларда қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастырудың әзірленген педагогикалық моделі оқу-тәрбие процесінде танымдық және тәрбиелік белсенділікті арттыруға бағытталған тәрбиенің технологияларын, әдістерін, формалары мен құралдарын пайдалануға, жеке тұлғаның эмоционалды мотивациялық функциялары, құндылық бағдарларын жаңарту, қауіпсіз мінез-құлыққа ықпал етуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кисляков П.А. Әлеуметтік қамсыздандыру және студенттердің денсаулығын сақтау: Монография / П.А. Кисляков. - М.: Логос, 2011. - 262 б.
2. Погодаева М.В. Мектепке дейінгі мекемеде психологиялық қауіпсіздік баланың бейімделу факторы ретінде: учеб. пос. / М.В. Погодаева. - Сумы : СумГУ, 2014. - 92 с.
3. Байбородова Л.В. Әртүрлі жастағы мектеп оқушыларының сыныптан тыс жұмысы: учеб. пос. / Л.В. Байбородова. – Сумы : СумГУ, 2013. – 25 с.
4. Дружинин В.Н. Эксперименттік психология: учеб.пос. / В.Н.Дружинин. – Сумы : СумГУ, 2011. – 47 с.
5. Монахов В.М. Педагогикалық технологияны жобалау әдістемесі (аксиологиялық аспект): Мектеп технологиясы. 2000. - 31 с.
6. Погодаева М.В. Қауіпсіз балалық кеңістікті қалыптастыру тұжырымдамасы: Монография / М.В. Погодаева. - Красноярск, 2014. – 53 с.
7. Шпендлер П.Е. Өмір қауіпсіздігі: учеб.пос. / П.Е. Шпендлер, В.М. Маслова, С.И. Подгарецкий. - М., 2006. – 37 с.
8. Ясвин В.А. Білім беру ортасы: модельдеуден дизайнға дейін: учеб. пос. / В.А. Ясвин. Мәскеу, 2001. – 121 с.
9. Тимофеева Л.Л. 3 жасан 8 жасқа дейінгі балаларда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру: Жартылай бағдарлама / Л.Л. Тимофеева. Санкт-Петербург, 2015. – 14 с.
10. Садретдинова А.И. Мектеп жасына дейінгі балалардың өмір қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру үшін білім беру ортасын педагогикалық жобалау: Диссертация / А.И. Садретдинова. Екатеринбург, 2009. – 50 с.

References:

1. Kisliakov, P.A. (2011). *Aleumettik qamsyzdandyru zhane studentterdin densaulygyn saqtau* [Social security and health preservation of students].
2. Pogodaeva M.V. (2014). *Mektepke deiingi mekemedede psikhologiialyq qauipsizdik balanyn beiimdelu faktory retinde* [Psychological safety as a factor of adaptation of a child in a preschool institution].
3. Baiborodova L.V. (2013) *Arturli zhastagy mektep oqushylarynyn synyptan tys zhumysy* [Extracurricular activities of schoolchildren in a group of different ages]
4. Druzhinin V.N. (2011) *Eksperimenttik psikhologiiia* [Experimental psychology]
5. Monakhov V.M. (2000) *Pedagogikalyq tekhnologiiiany zhobalau adistemesi (aksiologiialyq aspekt)*[*Methodology for designing pedagogical technology (axiological aspect)*].

6. Pogodaeva M.V. (2014) *Qauiqsiz balalyq kenistikti qalyptastyru tuzhyrymdamasy [The concept of the formation of a safe childhood space]*.

7. Shpendler P.E., Maslova V.M., Podgaretskii S.I. (2006) *Omira qauipsizdigi [Safety of life]*.

8. Iasvin V.A. (2001) *Bilim beru ortasy: modeldeuden dizainga deiin [Educational environment: from modeling to design]*.

9. Timofeeva L.L. (2015) *3 zhasstan 8 zhasqa deiingi balalarda qauipsizdik madenietin qalyptastyru [Formation of a safety culture in children from 3 to 8 years old]*.

10. Sadretidinova A.I. (2009) *Mektep zhasyna deiingi balalardyn omira qauipsizdigi madenietin qalyptastyru ushin bilim beru ortasyn pedagogikalyq zhobalau [Pedagogical design of the educational environment for the formation of a culture of life safety among preschoolers]*.

МРНТИ 14.23.17

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5496.23>

Рахмет Ү.Р.,¹ Шалабаева Ж.С.,¹ Абдуразақова О.А.^{1*}

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Қазақстан, Түркістан қ.

БАЛАНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЕСЕПКЕ АЛУ

Аңдатпа

Баланың мектепке дайындығын ұйымдастыруда мектептегі оқу үрдісі балалардың оқу-танымдық қызығушылығын қалыптастыра отырып, олардың белсенділігін дамыта білу - бүгінгі күннің өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, жаңа ортаға аяқ басу, жаңа адамдармен танысу, олармен қарым-қатынас жасау әр балада әртүрлі кешуі мүмкін. Балалардың мектепке баруы олардың өміріне өзгерістер енгізуі мүмкін. Сондықтан мақалада балалардың мектепке психологиялық, физиологиялық дайындығын анықтау мәселелері қозғалды. Баланың мектепке дайындығын анықтау барысында зерттеу жұмысында бақылау мен әңгімелесу әдістері пайдаланылды. Бұл жерде балалардың дамуын анықтайтын ойындар арқылы бақыланды, балалардың мектепке дайындығын анықтау барысында әңгімелесу әдісі және қорытындылауда сандық-сапалық талдау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижесінде балалардың мектепке барғандағы келіп шығатын қиындықтары, психологиялық-физиологиялық дамуының кемшіліктері анықталды. Баланы мектепке дайындауда тек мұғалім ғана емес, сонымен қатар, ата-ананың да, отбасы мүшелерінің де атқаратын қызметі өте маңызды болып келеді. Физиологиялық дайындық – бұл белгілі бір жасқа қажет деп саналатын, белгілі бір физикалық белсенділікті орындау мүмкіндігі. Бұл баланың денсаулық жағдайына, дене бітіміне, бой мен салмақ нормаларына, қозғалыс жылдамдығы мен ептілігіне байланысты

Түйін сөздер: Оқушы; психологиялық даму; физиологиялық жағдай; бірінші сынып; бақылау; әңгімелесу; сұрақ-жауап.

Рахмет Ү.Р.,¹ Шалабаева Ж.С.,¹ Абдуразақова О.А.¹

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
Казахстан, г. Туркестан

УЧЕТ ОСОБЕННОСТЕЙ ПСИХОЛОГО-ФИЗИОЛОГИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕБЕНКА В ОРГАНИЗАЦИИ ЕГО ГОТОВНОСТИ К ШКОЛЕ

Аннотация

Учебный процесс в школе при организации готовности ребенка к школе формирование учебно-познавательного интереса детей, развитие их активности - одна из актуальных проблем сегодняшнего дня. Ведь погружение в новую среду, знакомство с новыми людьми, общение с